

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен жүргізілетін  
жұмыс жоспарының 1 тоқсандық есебі

Ақсу негізгі мектебінде жеңіл түрде зиятының зақымдалуы бар Ибраһим деген оқушы бар. Ол 4 сыныпта оқиды. Ибраһиммен осы мектепке келгеннен бастап қосымша түзету-дамыту жұмыстары жүргізілуде. Оқу жылының басынан бастап жоспар бойынша жұмыстар жүргізілді. Қыркүйек айында қарым-қатынас дағдыларын және адамгершілік ерік қасиеттерін дамытатын ойындар мен вербальды және вербальды емес қатынастар жұмыс түрлері жоспарланған болатын. Ибраһим ым-ишара (пантомимика) және сезім тілімен(мимика) өз ойын айтуы қиындық тудырады. Өзіне ұнайтын заттар жайлы эмоция білдіреді.

Қазан айында «Менің құпиям», «Сүйікті жанұям», «Достық» тақырыптарында суреттер салдық. Өзіне қатысты суретті салғысы келмеді. Жанұясы мен достарына қатысты суретті салды.



Суреттегі сыныптас достары. Олармен қарым- қатынасы жақсы екенін байқауға болады. Кемпірқосақ пен күннің көзі көңіл-күйінің жақсы екенінің көрінісі. Ағаштардың суретіне қарап Ибраһимнің өзін қорғаныста сезінетінін байқауға болады. Отбасының суреті салынып, бірақ бояуды келесі сабаққа қалдырдық. Қыркүйек айында қиындық тудырған жаттығулар келесі тоқсанға жоспарланды.